БЕКІТІЛДІ
Бас директордың
(Басқарма төрағасы) міндетін атқарушының
2026 жылғы «09» қараша № 65 бұйрығымен

«ҚАЗАҚТЕҢІЗКӨЛІКФЛОТЫ» ҰТКҚК» ЖШС
САПА, ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

Компания қызметінің табысты болуының негізін басшылардың көшбасшылығы, жағалауда және кемелерде еңбек ететін персоналдың білімі, кәсіби біліктілігі және олардың Компания қызметіне тартылуы құрайды.

Әрбір қызметкер Компанияның мына мақсаттарына қол жеткізуде жеке жауапкершілігін сезінеді:

1. Теңізде жүзу қауіпсіздігі
2. Теңізде және жағалауда еңбекті қорғау және адам өмірін сақтау
3. Қоршаған ортаның ластануын болдырмау және қоршаған ортаны қорғау
4. Кеменің және кемедегі жүктердің сақталуын қамтамасыз ету
5. Қызметтердің сапасы, тапсырыс берушілердің талаптарын орындау және олардың қанағаттанушылық деңгейін артыру

Компания осы мақсаттарға қол жеткізу үшін:

1. кемелерді пайдаланудың қауіпсіз практикасын және кемелерде және жағалаудағы объектілерде адам үшін қауіпсіз ортаны қамтамасыз етеді;
2. өндірістік жарақат алуды және қызметкерлердің денсаулығына нұқсан келтіруді болдырмау үшін қауіпсіз және қалыпты еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндеттенеді;
3. еңбек жағдайларын жақсартады, қызметкерлерге және болған жағдайда олардың өкілдеріне кеңес беруді және қызметкерлердің денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі мәселелерінің оң шешімін табуға қатысуын қамтамасыз етеді;
4. қоршаған ортаны қорғауды және жеке қызметін жүзеге асыру барысында қоршаған ортаның ластануына жол бермеуге міндеттенеді;
5. ресурстарды оңтайлы қолданады, энергия көздерін қайтара қолдануға, шығарындылар мен қалдықтарды қысқартуға ұмтылады, климаттық тәуекел мен оның ықтималдығын ескереді, экожүйелерді және биотүрлілікті қорғайды;
6. кемелермен, персоналмен байланысты барлық сәйкестендірілген тәуекелді бағалайды және денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қорғау саласындағы қатерлерді жоюға және тәуекелді азайтуға міндеттенеді;
7. қауіпсіздікті басқару саласында, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау және қызметтерді сапалы ұсыну, соның ішінде авариялық жағдайларға әзір болу мәселелерінде жағалаудағы және кемелердегі персоналдың дағдыларын ұдайы жетілдіріп отырады;
8. сапа және адал мінез-құлық таныту мәдениетін дамытады, қызметкерлерді жұмысты жақсартуға және қателіктерден сақтандыруға тартады;
9. сапа, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласында барлық қолданыстағы заңнамалық, нормативтік, халықаралық және шарттық талаптарды, соның ішінде өзара келісілген тапсырыс берушілердің талаптарын орындайды;
10. менеджменттің біріктірілген жүйесін және оның нәтижелілігін, қызметтер сапасын, қауіпсіздік және экологиялық қызметтің көрсеткіштерін ұдайы жақсартып отыруға міндеттенеді;
11. тапсырыс берушілердің қанағаттанушылық деңгейін арттыру үшін олардың кері байланыста болуын ескереді;
12. қолданылуға тиіс талаптарды белгілейді және олардың жеткізушілердің, мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдардың қаперіне берілуін, шарттарда тіркелуін қамтамасыз етеді және өзінің жеке құзырлығы шегінде орындалуына бақылау жүргізеді.

Басшылық қажетті ресурстарды және жағалауда және кемелерде Саясаттың орындалуын қамтамасыз етеді.

Саясат жағалауда және кемелерде еңбек ететін барлық персоналға қатысты қолданылады. Жеткізушілер, мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдар және олардың қызметкерлері жұмыстарға, жеткізілімдерге және қызметтерге қойылатын және шарттарда тіркелген талаптарды ұстануға тиіс. Мердігерлер осы талаптардың жұмыстарға, қызметтерге тартылатын қосалқы мердігерлердің қаперіне берілуін және сақталуын қамтамасыз етеді.

Саясат сапа, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласында Компанияның мақсаттарын белгілеу үшін негіздеме ретінде оның өзектілігін қамтамасыз ету үшін жүйелі түрде пысықталып, қызметкерлерге және іскерлік серіктестерге қаперге беріледі және мүдделі тұлғалар үшін қолжетімді болады.

Әрбір қызметкердің міндеті осы мәлімделген саясатты ұғынып, орындауы және өз қызметтік міндеттерін атқаруы болып табылады.

NATIONAL MARITIME SHIPPING COMPANY